

**Түркістан облыстық Ү.Алтынсарин атындағы  
балалар кітапханасы**

Ақпараттық библиографиялық бөлім

**Түркістанның таңдаулы  
туындысы- 2026**

*/библиографиялық көрсеткіш/*

**Түркістан 2026 ж.**

Түркістанның таңдаулы туындысы-2026: библиографиялық көрсеткіш /құрас. [Сарсенбаева Г]; Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы; Ақпараттық библиографиялық бөлімі.- Түркістан,2026.-20бет

## Сөз киесі қонған киелі мекен

Сөз — Түркістан топырағында туып, күллі түркі әлеміне таралған ең асыл құндылық. Бұл өңір — Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың «Хикметтерімен» нұрланған, Майлықожа мен Мәделінің жырларымен тербелген, Сұлтанбек пен Өзбекәлідей тұлғалардың рухы сіңген қасиетті мекен. Сіздің қолыңыздағы «Түркістанның таңдаулы туындысы — 2026» басылымы — осынау ұлы көштің бүгінгі жалғасы, өңірімізден шыққан қаламгерлердің шығармашылық есебі.

Түркістан топырағы — таланттардың алтын діңгегі. Мұндағы әрбір жол, әрбір шумақ өлең — Қаратаудың етегінен ескен самалдай, Сырдың толқынындай өр мінезді әрі сырлы. 2026 жылғы бұл жинақ өңір әдебиетінің жаңа белеске көтерілгенін, қаламгерлеріміздің ой-өрісі мен көркемдік ізденістерінің кемелденгенін көрсетеді.

2026 жыл Түркістан өңірінің әдебиеті мен мәдениеті үшін олжалы жыл болды. Бұл кезеңде төрт қаламгердің шығармашылығы қоғамның рухани сұранысына жауап беріп, оқырман ілтипатына бөленді:

«Қазіргі қазақ әдебиеті мен журналистикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Мұхтар Құралов, Байдулла Қонысбек, Алпысбай Боранбайұлы және Бауыржан Ерман сияқты қаламгерлердің еңбектері киелі Түркістан өңірінің мәдени келбетін айшықтап тұр.»

Мұхтар Құраловтың поэзиясы — өмірдің шынайы бейнесі. Оның шығармаларындағы өткірлік оқырманды ойландырып, айналаға басқаша көзқараспен қарауға итермелейді. Ол күрделі тақырыптарды қарапайым әрі әсерлі жеткізе білетін шебер ақын.

Байдулла Қонысбек публицистика арқылы заманның өзекті мәселелерін арқау етіп келеді. Оның мақалалары мен

зерттеулеріндегі салмақтылық пен терең талдау Түркістанның қоғамдық ой-санасын байыта түсті.

Алпысбай Боранбайұлы шығармаларындағы басты тақырыптар – адам бойындағы жағымсыз қасиеттер және тұрмыстық келеңсіздіктер. Оның сықақтары көбіне ықшам келеді, бірақ соңында күтпеген шешіммен оқырманды ойландырып тастайды

Бауыржан Ерманның шығармашылық ізденістері жаңаша бағыттарды аңғартады. Оның еңбектеріндегі тың тәсілдер мен заманауи көзқарас Түркістанның мәдени келбетін жаңартып, толықтырып тұр.

Бұл есімдер — бүгінгі Түркістанның әдеби келбетін қалыптастырушылар. Олардың еңбегі артық мақтауды қажет етпейді, өйткені жазған туындыларының сапасы мен халықтың ықыласы бәрінен биік тұр. Бұл шығармалар 2026 жылдың ғана емес, ұлттық әдебиетіміздің қорында сақталатын құнды дүниелер болып қалмақ.

«Түркістанның таңдаулы туындысы» сериясымен жарық көрген осы көрсеткіш— туған жерге деген перзенттік махаббаттың көрінісі. Оқырман қауым осы туындылардан өзіне рухани азық тауып, Түркістан қаламгерлерінің әлеміне терең бойлайды деп сенеміз.



## **МҰХТАР ҚҰРАЛОВ.**

Композитор, белгілі ақын Мұхтар Құралов өзінің туған жері Мақтаарал ауданының құрметті азаматы. 1947 жылы 5 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданында дүниеге келген.

Өзбекстан Республикасы Сырдария облысындағы педагогикалық институттың филология факультетінің «қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген (1969-1973).

Еңбек жолын орта мектепте өз мамандығы бойынша бастаған (1973-1980). 1980 жылдан бүгінге дейін Мәдениет саласында аға инспектор, Мәдениет үйінің директоры қызметтерін атқарып келеді. «Айтамын десең өзін біл» ән жинағы мен «Айдай әсем Мақтаралым» (2003), «Ақ алтынды ауылым», «Алпысқа келді бір ақын» атты жыр жинақтарының авторы.

1978-1994 жылдар аралығында аудандық, облыстық, Республикалық айтыстарға қатысып, бірнеше рет жүлдегер, лауреат атанды. 1990 жылы Ақтөбеде өткен Республикалық айтыста бас жүлде иеленді.

Халыққа көп тараған Т. Молдағалиевтің сөзіне жазылған

«Бойжеткен», М. Шахановтың сөзіне жазылған «Мені неге Мұхтар қойған?», «Жароков көшесіндегі кездесу», М. Мақатаевтың сөзіне жазылған «Бесік жыры», И. Сапарбаевтың сөзіне жазылған «Лалагүл» әнімен қатар сөзін де, әнін де өзі жазған «Бұлқынды жүрек», «Ақ тілек», «Шырайлым», «Арал толғауы», «Алтынай», «Туған жер», «Желтоқсан құрбаны», «Айдай әсем Мақтаралым», «Қалқам ай», «Балапаным ең», «Балапаным балғыным», «Аңсағаным» әндері көпшілікке танымал.

## Мені неге Мұхтар қойған?

Мұрат Әуезовке

Мықтылардың күйін шертіп өтер күн,

Заман – терек, адам оның бұтағы,

Мен туғанда досым сенің әкеңнің

Жазылыпты Абай жайлы кітабы.

Менің әкем соны оқып,

ұзақ түндер отырыпты оңаша,

Бір биікпен табыстым деп тамаша

Шаттаныпты балаша.

Айқара ашып аспанын

Жинап барлық достары мен қастарын

Ниетімді құптар деп

Мына мендей перзентіне сол күні

Ат қойыпты Мұхтар деп.

- Ха-ха-ха! Көкіректе арман көп!

Біздің ауыл иттерінің аты да

Келеді ылғи «Бөрібасар», « Арлан» деп.

Бірақ әлі қасқыр алған бірі жоқ

Қасқыр түгіл қоян ұстар түрі жоқ,-

Деп күліпті төрде отырған бір кісі

Жұрт шаттығын су сепкендей басыпты

Әлгі адамның әжуалы күлкісі.

Әкем сонда бесігіме сүйеніп

Көп тұрыпты көңілменен құлаған.

- Ұлым сенен сұранам,

Тірлігіңде бой көрсетпе жырадан,

Ұлым, мені таба қылма мынаған.

Қыран болсаң кеңістік көп қайда да-

Деп сеніммен жымиыпты жай ғана.

Мен ер жеттім әлгіге қас қылғандай,

Қас қылғандай, қалжыңын тасқа ұрғандай.

Атқа міндім... Болса да көп арманы,

Әкем марқұм ол күнді көре алмады.

Көре алмады ол тағдырдың мергендігін,

Ұланының жырдан гүл тергендігін.  
Абай, Мұхтар бастаған елге әйгілі,  
Ұлы көштің соңынан ергендігін.  
Сапар сайын олжасыз боп қайтпадым,  
Көрмеді әкем талайдан бақ қайтқанын.  
Көрмеді әкем баяғы қалжыңбастың  
Немересі жырымды жатқа айтқанын  
Мейлі, қасым көп болсын досымнан,  
Мейлі, қайғым көп болсын шашымнан да  
Мейлі, мұңым сөз алсын тосылғанда  
Борыштымын, есімін маған берген  
Сенің әкең секілді асыл жанға  
Менің тұңғыш кітабым басылғанда  
Үміт оты алдымнан шашылғанда  
Анам байғұс шаттықтан жарылардай  
Жыртық, ескі кебісін сүйрелектеп,  
Көршілерге жүгірді күйбелектеп.  
Сосын үнсіз тұрды да ойға қалып  
Үйренбеген әлі де тойға барып  
Менің титтей елеусіз кітабымды  
Ұлы томның қасына қойды апарып  
Мұның не деп айтуға жарамадым  
Досым, бұған мысқылмен қарамағын.  
Перзентінен даналық күтетұғын  
Әдеті ғой ежелден бар ананың  
Дей алмаймын өнерде бос қамалам  
Бос қамалсам жанымды жасқа малам  
Абай ақын бір басқа,  
Мұхтар басқа  
Мен де, досым, ендеше басқа болам  
Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған  
Өзіме шақ көгілдір аспан алам.  
Сағынумен күн кешем мен ертеңді  
Сүйіп өтем өлгенше кең өлкемді.  
Өткізбеймін ешкімге зорлығымды,  
Түсірмеймін ешкімге көлеңкемді

Замаымнан алғанша үлесімді,  
Тоқтатпаймын тағдырмен күресімді.  
Мұхтар деген – киелі ат, марқұм әкем  
Маған тегін қоймаған бұл есімді.  
Мені осынау сеніммен айырма, Отан  
Қастарым күшімді пайымдатам.  
Өзін қанша мықтыны мойындадым,  
Енді өзімді соларға мойындатам!  
М.Шаханов

### **Бесік басында**

Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,  
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.  
Ояту былай тұрсын, рұқсат жоқ  
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге.  
Ұйықта, ұлым, ұйықта, бөпем, қасыңдамын,  
Керек емес, дүния, асылдарың!  
Бақыт, байлық - барлығы менің үшін  
Сенің бір кеп мойныма асылғаның.  
Аймалайсың жанымды күлкіңменен,  
Тамағыңнан айналдым бүлкілдеген.  
Не дейсің сен бұртиып, айтшы, сәулем,  
Қытықтаған жүректі бір тілменен?  
...Қандай ғана анадан туады адам,  
Сәбилердің ұйқысын қуалаған?!  
О, тыныштық! Тыныштық қандай рақат!  
Қандай рақат сәбилер жыламаған!  
Ұқсайды бар тыныштық жер бетінде,  
Ұйқыдағы сәбидің келбетіне.  
Кім болсаң ол бол, мейлің, рұқсат жоқ,  
Ұйықтап жатқан ұлымды тербетуге!

М.Мақатаев

## **М. Құралов жайлы жылы лебіз**

Мұхтар Құралов жайлы кезінде «Сары бала сарыны» деген очерк жазғанмын. «Тұлпар түрін жасырады» дегендей, ол айтысқа шыққанда өзге айтыскерлер секілді жұлқынбай, ұстамды, сабырлы айтыс жасады. Бірақ, сөзі көркем, ойы құнарлы болды. Өткірлігі ешкімнен кем болған жоқ. Жұлқынып, кіжініп, тепсініп айтпаған соң қазылар алқасы сондай ұтымды жақтарын байқай алмай қалған сияқты. Сөз додасында Арал экологиясы, басқа да өзекті мәселелерді орнымен көтере білді. Дей тұрғанмен, уақытында өз бағасын ала алмады. Әйтпесе, айтыста да, жазба поэзияда да, композиторлықта да талабы мықты. Халықтың арасында құрметті. Сөзі де, өзі де, әні де жұртшылықтың арасында жоғары баға алды. Әсіресе, композиторлығына ризамын. «Бұлқынды жүрек» әнін тындаған сайын Мұхтардың өзі секілді жымып отырамын. Үнемі сағынып жүремін өзін. Сары баланың сарыны, Сырдарияның сарыны сон-аау Мырзашөлдің төрінен үнемі құлағыма келіп тұрады. Жалғыз мен ғана емес, көп қазақты сары баланың сарыны сағындырады.

**Мархабат БАЙҒҰТ, жазушы, «Алаш» халықаралық сыйлығының лауреаты.**

### **Мұхтар Құралов кітаптары**

1. Мұхтар Құралов.«Айдай әсем Мақтаралым» Ән жинағы / «Шардара» баспасы ~2003.-160 бет
2. Мұхтар Құралов. «Ақ алтынды ауылым»жыр жинағы/ «Нұрлы әлем» -2005.-130 бет
3. Мұхтар Құралов. «Алпысқа келді бір ақын»жыр жинағы/ «Алтын алқа»2013 .-200 бет
4. Мұхтар Құралов .«Айтамын десең өзін біл» ән жинағы/ «Өнер» 2010.-100 бет
- 5.

## Байдулла Қонысбек



Байдулла Қонысбек 1941 жылы туылған, қазақ, білімі жоғары. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөлімшесін бітірген. Мамандығы журналист. Еңбек жолын 1958 жылы слесарь ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас (Бәйдібек) ауданы Жамбыл атындағы кеңшарында бастаған. 1961-1966 жылдары Алғабас ауданы «Бөген» кеңшарында жұмысшылар кооперациясында есепші болып жұмыс атқарған. 1966-1985 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында аудармашы, әдеби қызметкер,

Байдулла Қонысбек 1941 жылы туылған, қазақ, білімі жоғары. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің журналистика бөлімшесін бітірген. Мамандығы журналист. Еңбек жолын 1958 жылы слесарь ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы Алғабас (Бәйдібек) ауданы Жамбыл атындағы кеңшарында бастаған.

1961-1966 жылдары Алғабас ауданы «Бөген» кеңшарында жұмысшылар кооперациясында есепші болып жұмыс атқарған. 1966-1985 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясында аудармашы, әдеби қызметкер, жауапты хатшы болып еткен еңбек. 1985-1987 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметтерінде болды.

1987-2002 жылдары облыстық телерадио хабарларын тарату комитетінде, облыстық телерадио компаниясында төраға қызметін атқарды.

2002-2006 жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газеті бас редакторының бірінші орынбасары қызметінде жүріп зейнеткерлікке шықты.

2006-2007 жылдары «Аталар сөзі», 2007-2010 жылдары «Біздің жанұя» газеттерінің бас редакторы қызметтерін атқарған.

Ол «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан аймақтық филиалының төрағасы, «Сайлауды қадағалау» жөніндегі РҚБ-нің Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, «Нұр Отан» ХДП-ның Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясының мүшесі, облыстық журналистер ұйымының төбе биі. Сонымен қатар, 1998-2002 жылдары Қазақ-Кувейт гуманитарлық академиясында дәріс берген, доцент атағын алған.

«Биік мұрат», «Бетпе – бет», «Ұрпаққа ұлағат», «Асыл жүрек», «Алуан-алуан жүрек бар» деген кітаптары жарық көрген. Республикалық, облыстық, баспасөздерде жарияланып жүрген түрлі тақырыптардағы материалдарын оқырмандар жылы қабылдады.

Байдулла Қонысбек «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен, «Нұр Отан» ХДП-нда белсенді еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.

Қазақстанның Құрметті журналисі, Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Құрметті азаматы.

Байдулла Қонысбек «Оңтүстік Қазақстан облысының Құрметті азаматы» атағының иегері.

## **ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ЕЛЕСТЕРІ**

Бұл оқиғаның өзі де, менің қарияға кездесуім де күтпеген жағдайда болды. Ленин ауданына командировкаға барып, қайтып келе жатқан бетім болатын.

Аудан орталығындағы автобус аядамасына келгенімде, келген-кеткендер отыратын орындықта орта бойлы, ақ сары, шашы мен сақал-мұрты бурыл тартқан қария отыр екен. Ал, қариядан бір-екі

қадам қашықтау жерде үстерінде ақ нейлон көйлегі бар екі жігіт тұр. Олардың бірі ұзын бойлы, мойылдай қара шашты, аққұба келген де, екіншісі қара торы жігіт. Екеуі де өзара әңгімеге көшкен. Мен орта бойлы, тығыншықтай, қарияға сәлем бердім. Ол күс тартқан салалы саусақтарымен омырауға түскен сақалын сипап:

- Өркенің өссін, балам, деп қария жылы шыраймен менің сәлемімді алды. Мен қария жанындағы бос орынға отырдым. Қария бір қолымен үлкендеу келген түйіншекті ұстап алыпты. Және де жанындағы үлкен себетте де бір нәрселер қараңдайды. Қария менің түйіншекке бағдарлай қарағанымды байқап қалды да:

- Иә, шырағым, қартайған соң осындай түйіншектерді арқалап, артынып-тартынып жүреді екенсің. Қалада оқитын немерем бар. Соған апара жатқан сәлемдеме ғой. Өзіңе жол болсын.

-Шымкентке бара жатырмын.

-Тіпті жақсы болды. Мен де сол жаққа, немереме бара жатырмын. Бәтшағар көптен бері «қолым тимейді» деп үйге келуді қойды. Енді соған өзім бара жатырмын. Апта демей-ақ қояйын бір ай көрмесем, сағынып қаламын өзін. Немеренің ыстықтығын шал болғанда білесің.

Қария үнсіз қалды. Мен де оған пәлендей ештеңе айта қойған жоқпын. Автобус көрінер мен екен деп жолға қарап біраз тұрдым. Қасымдағы екі жасөспірім болса, бізде жұмысы жоқ өзара әңгіме үстінде.

- Ой, сені-ай, дейді орта бойлысы, сол мұғалімдікті де оқу деп, одан да басқа оқуға бармайсың ба, Менімше мұғалімдіктен шоферлық әлдеқайда артық. Жүр ғой анау ауылдың мұғалімдері аудан мен ауылдың арасын жаяу шаң ғып. Керек десең, шоферлер де алмай, жаяу тастап кетеді.

Қасындағы жігітте үн жоқ. Мына сөзге қарсы дау айтуға оңтайлы жауап таппай тұрған болу керек, төмен қарап аяғымен жер шұқылап тұр. Жастардың мына әңгімесін қария да есітіп қалған екен, ол да сөзге араласты.

-Берірек келіндерші, шырақтарым. Кімнің баласысыңдар, есімдерің кім? деді жәй ғана.

-Менің атым- Болат, деді орта бойлысы, пысықтау болу керек, екінші ұзын бойлы үшін де ол жауап берді,

- Оның аты - Серік.

-Балам қай жерде оқыдың?- деп сұрады қария Болаттан.

- Осы аудан орталығында.

- Кімнің қолынан білім алдың?

Балада үн жоқ. Жаңағы өзінің әбес айтқан сөзінен қысылды ма, жоқ әлде мына шалдың қазбалап сұрай бергеніне наразы болды ма, қызарып кетті.

- Иә, сөз саптастарыңа қарағанда, оқуға бара жатқанға ұқсайсындар. Беттеріңнен жарылқасын. Ал, сенің жаңағы сөзің маған кірпідей қадалды. Мұның дұрыс емес.

- Атай-ау, шын мәнісіне келгенде мұғалімді ешкім де сыйламайды. Үлкендер де мұғалім болам десең азар де безер болады.

-Сен өзіңді оқытқан мұғалімді сыйлайсың ба?

-Сыйлаймын.

-Міне дұрыс. Мен де сыйлаймын, барлығы да сыйлайды. Мұғалім біздің елде, әсіресе, баяғы көшпелі ел атанған қазақ елінде, құрметті де, сыйлы да мамандық, шырағым.

Қарияның мейірімді қара көзі ұшқын шашып тұр. Бетіндегі қыртыстанған әжім іздері де таралып кетіпті. Отырған орнында қомданып-қомданып қояды. Осыншама сауатты, көзі ашық қарияның сөзіне бар зейінімді қоя тындап тұрмын. Қарияның байсалды жүзінде адамды өзіне тартушылық, баурап алушылық қасиет бар.

-Осы күнгі жастардың кейбір мінездеріне, атап айтқанда, өзім болдым, өзім толдым деп, білім құмай, мода қуып кететініне риза емеспін. Иә, сендер осыдан қырық-елу жыл бұрынғы қазақтардың өмірін, мәдениетін тарихтан оқығандарың болмаса, көзбен көрген жоқсындар. Сондықтан да болар мына екі жастың өзара мәмілеге келе алмай, мұғалімдік мамандыққа көңілдері толмай тұрғаны да...

Бұл оқиға 1927 жылы болған еді. Иә, дәл сол жылы. Қарияның маңдайына бір шөкім әжім жинала қалды,- елде молдадан басқа сауатты адам жоқ. Молданың өзі де құранның аяттарын жатқа айтқаннан басқа ешнәрсе де білмейді екен. Оны кейін көзіміз ашылған соң барып білдік. Ал, біз болсақ жаңа өмірді, кедейлерге тендік әперген жас Совет республикасының өмірін баянды етіп, одан әрі жалғастыруымыз керек. Ол кезде мына өздерің сияқты

қылшылдаған жас кезіміз. Білімге құштармыз. Бірақ, білім беретін, бізді оқытып, хат танытатын бірде-бір адам жоқ. Иә, сол кезде «оқу», «мектеп» деген сөз ел арасында өте сирек аталатын. Оқта-текте «пәлен жерде мектеп ашылыпты, оған оқуға балаларын тек шоқынғандар ғана береді екен» деген сөздер шығып қалып жүрді. Бұған кейбіреулер мән беріп, елең ете қалса, ал кейбіреулер «наған мектеп, «әшейін өсек сөз-дағы» деп елең қылмайтын-ды. Бұл сөзді ұмытып та кетер ме едік, ойда жоқта «елге мұғалім келіпті. ол өзіміздің қаракемерлік кедей Назардың баласы Бибол екен. Ташкенде оқыпты. Орысшаға судай екен» деген алып-қашты сөз дүңк етіп, ауыл іші сыпсың-сыпсың сөзге толып кетті. Бір күні ауыл ортасында жиын бар деген соң бір топ бала сонда келдік. Шаршы топтың ортасында үстінде ақ көйлегі бар, ұзын бойлы, насат келген адам сөйлеп тұр. Біз келе бергенде оның сөзін көнетоз шапан киген, арық қара шал бөліп жіберді:

-Әй, Бибол, деді ол, сен өзің не айтып тұрсың. Сенің әкенді білеміз. О да өзіміз сияқты байдың малын бағып, әрең күнелітіп жүруші еді. Сен қайдан жетіліп, молда бола қалдың. Одан да бізге тыныштық бер. Баламызды орысша оқытып, шоқындыра алмаймыз. Бұрын да оқымай-ақ күнелткен қазақпыз ғой. Алда-жылда оқы деп зорлайтын болса, өзіміздің молдамыз да жетеді.

-Мені Совет өкіметі оқытты. Мен молда емеспін, мұғаліммін. Совет өкіметі сіздерге теңдік әперді. Енді Совет өкіметі сіздерді оқытқысы келеді, мемлекет басқаруға араластырғысы келеді. Мемлекет басқару үшін өздеріңіздей кедей, бірақ сауатты адамдар керек.

- Сонда сен орысша оқытасың ба?

Жоқ, қазақша оқытамын. Алдымен сауаттарыңды ашып алыңыздаршы. Одан арғысын өздеріңіз білесіздер.

-Саған ақшаны кім береді. Біздің ақша беріп, бала оқытар қауқарымыз жоқ, деп салды жаңағы қария.

-Маған сіздердің ақшаларыңыздың керегі жоқ. Маған өкіметтің өзі ақша береді. Менің міндетім сіздерді оқыту, хат таныту.

Шіркін қараңғылық-ай. Сол жиында бес-алты-ақ адам баласын оқуға берді. Қалғандары қолдарын бір-ақ сілтеп, кетіп қалды. Сол бес-алты баланың ішінде мен де бар едім.

Сабақты алғаш Бибол ағайдың жыртық-жыртық киіз үйінде оқыдық. Қолымызға қаламды қалай ұстауды да білмедік қой, сол кезде. Біздің ең бірінші үйренгеніміз, әлі есімде, «Ленин» деген сөзді қалай жазу еді. Сонда Бибол ағай Ленин туралы, оның таңғажайып істері туралы қызықты әңгімелер айтып беретін. Біз аузымыз ашылып, тыңдайтын да отыратынбыз. Кейін келе өз атымыздың қалай жазылатынын үйрендік. Біздің мектепке келушілер көбейе бастады. Біздің Сембі селосындағы бастауыш мектептің алғашқы қабырғасы осылай қаланған еді.

Қария үндемей қалды. Оның ойлы көздері алысты, Алатаудың шынар басын шарлап жүр. Әлден уақытта:

-Айта берсең қиыншылықтар көп қой, жалғастырды сөзін, қағаз деген таптырмайтын. Біздің дәптеріміз кәдімгі ағаш тақта болатын. Оның өзі де бірімізде бар, бірімізде жоқ. Жергілікті діншілдер мен молдалар әлденеше рет келіп, орыс болдың, шоқындың деп, бізді ат астына алып, талай сабаған-ды. Бибол ағай қарулы жігіт болатын. Бір-екеуін біздің көзімізше таяққа жығып, «енді қайтып мектеп есігін аттасаң, ажалыңды осы жерден табасың» деген соң, олар жоламай кетті. Ауылдағы көп кедей-кепшік те кейінірек түсініп, мұғалімді жақтайтын болды.

-Одан әрі не болды?, деп сұрады Болат жәй

-Не болушы еді, біз жеңдік. Жақсының әр уақытта жеңетіні сияқты. Бибол ағай жеңіп шықты. Сол кезде «а» әрпін жөндеп жаза алмайтын, қара сирақ балалар бүгінде кейбіреулері ғалым, кейбіреулері белді қызметкер, кейбіреулері ұстаз жолын қуып, мұғалім болып жүр. Мәселен, сол мектепте оқып білім алған Өнеров Жамал экономика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбек ССР-і Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Ташкенттегі экономика институтының ректоры. Ал, мен болсам, талай жыл селолық Советтің, колхоздың председателі болып істеп, қазір пенсияға шықтым. Барлығы да мына екі баланың сөзінен шықты-ау. Әлі осы уақытқа дейін сол алғашқы ұстазымды, Назаров Бибол ағайды құрметпен, зор ілтипатпен еске аламын. Ұстаз болу, басқа

біреуге өз білгенінді үйретіп білім нұрын құю - ұлы іс, деді де мен болдым дегендей, автобус келмеді ме екен,-деп маған бұрылды.

-Бибол ағай қазір қайда?- деп үшеуіміз де қатарласа сұрадық.

-Осыдан үш-төрт жыл бұрын дүние салды. Бірақ оның өзі өлгенмен, артында ісі қалды. Осы ауданның «Коммунизм» совхозындағы Қаржан бөлімшесіндегі онжылдық мектеп, сол ағаларың ұйымдастырған мектеп болатын. Иә, оның арманы жоқ. Ұлы ұяға, қызы қияға қонды. Мыңдаған шәкірттері ол бастаған істі алға апаруда. Ұстаз өлмейді. Өйткені, ұстаздың ісін шәкірттері жалғастыра бермек.

- Атай, кешіріңіз, манағы сөзді білместіктен айтып қалыппын, - деп Болат қариядан кешірім сұрады.

-Түсінгенің жақсы болды. Ұстазды қадірлей білген абзал. Мұғалім құрметті мамандық. Оған әлі-ақ көзің жетеді.

Осы сәтте автобус та келіп жетті. Біз қарияға жол беріп, біреуіміз түйіншегін, біреуіміз себетін алып автобуска мінгіздік.

- Ата, жастар тәлім-тәрбие алатын көп әңгіме айттыңыз. Ең бомласа аты жөніңізді біліп қалалық, өзіңізді таныстырсаңызшы, - дедім ол кісі автобустағы орындыққа жайғасып отырып болған соң.

-Әкем аты Балғабек, өз атым –Асан,-деді ол бізге жайымен көз қиығын сала.

Автобус жаймен орнынан қозғалды. Қария алға, тақтадай көсіліп жатқан жолға қарады. «Дәл қазір осы қария не ойлап отыр екен. Бұл кісінің әр сөзі, әр ойы жастар үшін үлкен мектеп қой, шіркін. Осындай көңілі ашық, жүрегі жайсаң атайлар көбейе берсе» деп ойладым мен сол сәтте.

## **БІЗДІҢ БАЙДУЛЛА**

Байдулла барон бізден кетіп барады

Облыс журналистикасына 40 жыл қыңқ демей, қамшы салдырмай қызмет атқарған. журналистикасы камбасын 40 жыл бойы

қаламынан туған жауһар, гауһар дүниелерімен толтырған Байдулла Қонысбеков «Оңтүстік Қазақстан» газетінен зейнеткерлікке шығып отыр.

Облыс журналистері корифейлерінің бірі, кешегі Әсет, Әмірсейіт ағалардың көзі, облыс журналистері Барон Байдулла атаған аға 65 жасқа толды. Жасын жылдарының бәрін осы «Оңтүстік Қазақстан» газетіне арнаған Байағаға қолдан келген құрметімізді көрсеттік. Арқыраған ағамыздың астына «Ауди» деген ат мінгіздік. Жаксы, жылы сөздерімізді арнадық. Байағаның шинелінен шыққан шәкірттері, әріптестері әдемі тілектер айтты. Облыс әкімінің орынбасары, облыстық департамент басшылары Байағаның үлкен-үлкен достары ақ тілектер арнады. Байағаны қартайды деуге қимаймыз. Бірақ, «сәнімен, әдемі қартаю, зейнеткерлікке де әдемі кету деген осы екен ғой» деген ой көптің ойында тұрды.

Анар Аспан

## **Б.Қонысбек кітаптары**

1. Байдулла Қонысбек .«Бетпе-бет» Ой – толғамдары/  
Шымкент: Жебе,2008.- 192 бет

2. Байдулла Қонысбек .«Алуан-алуан жүрек бар»/  
Шымкент:Алтын алқа,2011.- 252 бет
3. Байдулла Қонысбек .«Асыл жүрек» / Шымкент: Нұрлы әлем,  
2013.- 240 бет
4. Байдулла Қонысбек .«Ұрпаққа ұлағат»/ Шымкент:  
Асқаралы, 2014.-300 бет
5. Байдулла Қонысбек .«Биік мұрат»/ Шымкент: Әлем, 2018.-  
208 бет

**Алпысбай Боранбайұлы**



Алпысбай Боранбайұлы – көрнекті жазушы-сатирик, драматург, қазақ әзіл-сықақ өнерінің өкілі. 1950 жылы 10 мамырда Түркістан облысы, Түлкібас ауданының киелі Ақбиік ауылында дүниеге келген. Алматы ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. Техникалық білім мен шығармашылық шабытты ұштастыра білген қаламгер. Көптеген жылдар бойы өңірдің мәдениет қара шаңырағы — «Ақбиік» халық театрында аянбай қызмет етіп, сахна өнерінің дамуына зор үлес қосты.

Алпысбай Боранбайұлының қаламынан туған әрбір туынды — қоғам айнасы. Оның шығармаларында адам бойындағы міндер мен нарық заманының қайшылықтары ащы мысқыл, астарлы әзілмен өрнектелген.

Шығармалар тізімі:

«Бастау»

«Жездеме хат»

«Тұрыңыздар, сот келеді»

«Нарықтың намазы»

«Білесіз де, күлесіз»

«Әдресім — базар»

«Не сатып жүрсіз?»

«Пойызда туған махаббат»

«Қырық күлкі»

«Қызық кітап»

Жазушының таңдаулы сықақтары мен әңгімелері орыс тіліне аударылып, «Что продаете?», «Мой адрес — базар» деген атаулармен жеке кітап болып жарық көрді. Бұл автордың талантының шекара танымайтындығының айғағы.

«Өмірдің өзін күлкімен емдеуге болады». Бүгінде қаламгер еркін шығармашылық жұмыста. Оның туындылары қазақ сатирасының алтын қорына еніп, зерттеушілер мен оқырмандар үшін құнды дүние болып қала бермек.

## АЛПЫСТАҒЫ АЛПЫСБАЙ АСПАРАДА

### *Egemen Qazaqstan*

“Мәскеу-Алматы” пойызына Шымкенттен мінген ек. Купедегі кісілердің бірі сіздің тілшіңізді сырттай таниды екен. – Жолда жүргеніңізді оқта-текте газет бетінен байқаймыз. “Пойызға мінсеңіз. Кітап сатып жүр бір семіз”, деген сықақтың авторын да жазсаңыз болар еді, – деді. – “Пойызға мінсеңіз. Кітап сатып жүр бір семіз. Бұл семіздің аты аты-жөні сықақшы Боранбайұлы Алпысбай болады. Білсеңіз”, – деді екінші жолаушы жымыып. – Иә-иә. Қай пойыздан да сол сықақшыны көреміз, әйтеуір, – деді үшінші кісі күлімсіреп. Жолаушылардыкі жөн-ақ. Біз-дағы өз кітабын өзі сатып, өз күнін өзі көріп жүрген сатирикті жиі жолықтырамыз. Жолда. Пойызда. Жаңағы сықақ былай жалғасады: “Құдайдың зарын айтпай, үйдегі барын айтсақ. Бір әйел, алты баламыз бар. Малдан бір сиыр, екі ұрғашы танамыз бар. Жасымыз (1950) барыс. Есімдері елге таныс: Көпен Әмірбек, Әселхан Қалы-

бекова. Екеуі де құрдас әрі сырлас. Деменіздер бізден жау келеді. Жалпы барыс жылғылар, Әселхан сияқты дәу келеді. Мамандығымыз – инженер. Шығарған оншақты кітабымыз бар. Ішінде әзіл-сықағымыз бар. Күліп жүрсін, оқып ап біліп жүрсін. Деп шындықты жазып келеміз. Айтпақшы, кітап алсаңыз – үстел үстіне емес, қарнымызға қойып, Қолтаңба жазып береміз”. Осыдан біразырақ бұрын Астанадан келе жатып, Алпысбайды Ақадырдан көргенбіз. Түнгі сағат екінің шамасында. Бір топ жолаушыны аузына қаратып: “2030-шы жыл екен. Өлмеппін, әлі тірі екем. Сексенге жасым жетсе де. Кітап сатып жүр екем”, – деп тұр екен. Шу стансасына жеткенше сыбырласып сөйлескенбіз сонда. Пойызда. – Кітап сатумен айналысқалы қанша заман болды? – Екі мың он үшінші жылы жиырма жыл толады. – Он жеті жылдан бері осы шаруадасың ба? – Дәл солай. Үш жыл бұрын үш айдай ғана аудандық газеттің бас редакторы болғам. “Өз өтінішіммен” босағам. Сол үш ай үзілісті қоспағанда. – Қанша кітабың бар? – Он төрт. Өзіміз семіз болғанмен, кітабымыз қылдай арық. Жұқа болмай қайтсін-ай, жүрмегесін пұлға жарып. Нарықтың аты нарық. Екі мың жетінші жылы ғана қалыңдау кітабым шықты. “Бәрі ақша сұрайды” деп аталады. Биыл және бір қалыңырағы жарық көрді. “Қарыз беріндерші” деген. Қалғандарының қырым еті жоқ. – Табыс қалай? Тати ма? – Өздеріңіз ғой. Өз күніңді өзің көр деген. Көріп келемін. Аудандық газеттің айлығынан тәуірлеу несібені теріп келемін. Капитализмнің қызығына батып жүрмін. Өз кітабымды өзім сатып жүрмін. Үйім де – пойыз. Күйім де – пойыз. Үшінші полкаға да жатып жүрмін. Атыраудан Алтайға дейін барамын. Қостанай мен Көкшеде де боламын. Қызылжар мен Қызылордаға да қонамын. Астанаға да аялдаймын. Пойыздағының бәрі біледі. Кітабымды көргеннен-ақ күледі. Әйтеуір, әзіл-сықағым оқығандарға ұнайды. Кейбір күлегештер ішін басып құлайды. Көбісі жаңа кітабыңыз қашан шығады деп сұрайды. – Он жеті

жылда оқырмандырың он жеті есе өскен шығар? – Көпендікінен көбірек. Бірақ ол көзі көкшиіп, “көксандыққа” көп шығып, сонысымен ұтады. Әселханмен таразыда теңдейміз, айтыс жағынан кемдейміз. Пойыздағы оқырмандарым үш түрлі. Біріншілері: кітабымды күтіп жүріп, түйсіне сүйсініп сатып алатындар. Екіншілері: “Е, байғұс ақын-жазушылар” екен ғой, деп мүсіркейтіндер. Үшіншілері: “Қойшы-ей, әне бір жолы ап қойғанбыз”, деп пәлен жыл бұрын битімдей бірдеме титімдей тиын төлегенін міндетсінетіндер. Кімнің не ойлап тұрғанын тез сезем. Кейбіреулеріне: “Көп кісілердің “сдачаның” керегі жоқ деп жаман үйрететіні жаман” деп қалжыңдаймын. – Бір кездерде “Сүйгеніме хат”, “Жездеме хат”, “Аппақ қыздың ариясы”, “Той қылдық”, “Сүйіп жатсам” сияқты сықақ өлеңдерің, “Тұрыңыздар, сот келеді!” деген сатиралық поэмаң, “Ішіпсал батыр” атты атақты қисса-дастаның халыққа кең тарап кетіп еді. Қазіргі қауқарыңды қалай бағалайды қалың жұртың? – Бүгінде “2030-шы жыл екен”, “Өндіре берер ем колбаса”, “Өзім туралы” сияқты дүниелерім алдымнан шығады. “Есігін қағып әр үйдің. Ұн таратып екі қап. Әкең болды депутат” деп басталатын, “Той көп болып тамызда. Батып қалдық қарызға” деп басталатын, “Жас кезінде қайда болды? Әйтеуір қартайғанда. Сұмдық бір ақын пайда болды”, деп басталатын, сонсоң ауыл жайындағы, әкімдер, прокурорлар, соттар, “махаббаттар” туралы туындыларым ұнайды-ау деймін, жұртқа. Ақадырдан пойызға мінген Алпысбай Шу стансасынан түсіп қалып еді сонда. Купенің іші ысыңқыраған. Сіздің тілшіңізді сырттай танитын кісі: “2030-шы жыл екен. Шетелдіктер дорба арқалап. Жұмыс іздеп жүр екен. Бір француз, бір жапон. Қой бақсақ қалай болар деп. Қазақша сөйлесіп тұр екен”, – деген. Өзі сыртқа қарап тұрған. Кенет айқайлап жіберді. – Апырай, кімді айтсаң, соны көретінің рас-ау. Алпысбай кетіп барады! Боранбайұлы! Пойызға отырмақшы боп, асығып барады-ай! Аспарада бұл пойыз тоқтамаушы еді...”

“Мәскеу-Алматы” пойызы бір-екі минөт кідірістеп, қайта қозғалған. – Қай вагонға мінді екен, а? – деді әлгі купелесіміз шыдамсызданып. – Сағынсаңыз, жарым сағатта жетіп келер, – деді екінші кісі. – Ары ұзағанда, бір сағатта, – деді үшіншісі. Айтса, айтқандай-ақ, қырық-елу минөт өтер-өтпесте алдымен Алпысбайдың бір бума кітабы, кейінірек қарны, сәлден соң өзі көрінді. Екі езуі екі құлағында. – Аспарада пойыз тоқтамаушы еді? – деді бірінші жолаушы. – Маған тоқтады, – деді Алпысбай Боранбайұлы. Әлде әзілі, әлде шыны. – Шынымен бе?! – десті екінші және үшінші жолаушы қосарлана. – Аспарада жай жүрсің бе? – дедік біз. – Алтынбек Қоразбаевтың “Қара кемпір” әнінің әуеніне салып айтатын сықақ өлең шығарып жүрмін. – Айтпақшы, Алпысбай, алпысың не боп жатыр? – Пойызда атап өттім. Алпыс жылдығымды. Үш-төрт вагон жұрт түгел құлақтанып, құттықтады. Сол жетеді бізге, – деді Алпысбай. Сөйтіп, селкілдей күлді. Бізге бүкіл “состав” селкілдегендей сезілді. Мархабат БАЙҒҰТ.

**Күлмесханды күлдірген күлкістан кісі**



Жалпы, Алпысбай Боранбайұлын білетіндер сын-сықақтарына, шаншымалары мен шымшымаларына жата қалып күлетіндер ол кісіні «Күлкістан» деп атайды. Расында, сіз оны көрсеңіз болды, өзіңізден-өзіңіз ыржалақтап, еріксіз күле бересіз. Жо-жоқ, тіпті де олай емес, Алпысбай ағаның жаратылысы бөлек, түр-түсі біртүрлі деп ойлап қалмаңыз. Оның сатиралық шығармалары «біртүрлі». Сосын саңлақ сықақшының өз шығармаларын орындағандағы актерлік шеберлігі «біртүрлі». Өйткені ол Ванновка гидро-мелиоративті техникумында ұстаздық ете жүріп, Ақбиік халық театрының тізгінін ұстағаны бар. Сонда ғой, Оспанхан Әубәкіров, Асқар Тоқмағанбетов, Сейіт Кенжеахметов, Оспанәлі Иманәліұлы, Шона Смаханұлы сияқты сатириктердің сықақтарын сахнаға шығарып, көрермендерді қыран-топаң күлкіге көміп жүретіні. Содан ба, кез келген жерде (қатарластарының алдында, оқырмандарының сұраулары бойынша, шығармашылық кештерде деп түсініңіз) актерлік шеберлігімен үйлестіріп, сықақ оқи жөнелгенде айналасындағылар іштерін басып, құлап жатады.

Қалай болып еді өзі? Онда жасы небәрі 19 жаста. Алматы ауыл шаруашылығы институтының 3-курсын оқып жүрген кезі. Бірде сабақтан шығып келе жатып, төрт-бес сатиралық кітап сатып алды. Бұлар жоғарыда аты аталған сықақшылардың жаңа жинақтары болатын. Мектеп қабырғасында жүргеннен сахнаға шығып, сықақ оқитын ол өзіне ұнаған өлеңдерді альбомына көшіріп жазып алатын. Сонымен, қолында бір дорба кітап. Абай мен Абылайхан даңғылдарының қиылысындағы аялдамадан троллейбусқа мінді. Бір кезде қасындағы қарапайым киінген орта бойлы кісі мұның қолындағы кітаптарды жұлып алмасы бар ма. Бұл сасқалақтап қалды.

– Өй, мына кітаптарды қай дүкеннен алдың? Барлығы сатиралық кітаптар ғой, – деп жатыр бейтаныс кісі қарап тұрмай.

Алпысбай кішілік танытып, ағаның сұрақтарына нақпа-нақ жауап берді.

– Өзің сықақ жазасың-ау шамасы, – деп сұрады сосын.

– Жоқ, жазбаймын. Бірақ жаттап алып, сахнада орындаймын, – деп бұл шынын айтты.

– Өй, қу-ай! Алдап тұсың ғой, э. Шыныңды айт. Жазасың ғой,ә! – деп іші-бауырына кіріп бара жатқан кісі студентке ұнай бастады.

Жолай кезіккен жақсы ағаға бойы үйренген соң ол қолындағы альбомын көрсетті. Альбомды парақтап отырған ол:

– Мыну менікі! Мынау менікі! – деп өлеңдерді шұқып көрсете бастағанда студент ауызын ашты да қалды.

Әлден соң есін жиып:

– Сіз Шона Смаханұлысыз ба? – деді.

– Иә, Шонамын, – деді ағасы.

Содан кейін альбомын қайтарып берді де:

– Егер бұған дейін сықақ өлең жазбасаң, енді жазып көр. Жазғандарыңды маған әкеліп көрсетіп тұр. Мекенжайым: Калинин көшесі, 24 үй, – деді.

Алпысбай бұған дейін Шона ағасының «Ажаркүл жеңгей», «Апатқа ұшыраған шофердің хикаясы» деген сықақтарын оқып жүрген. Өзі бір көруді армандап жүрген ағасының қарсы алдынан шыға келгені мұндай ғажап болар ма? Екеуі біраз сөйлесті. Алпысбай барып тұратын болып уәде берді. Бірақ Ресейдегі трактор зауытына өндірістік іс-тәжірибеге баратын болды да, ағасымен қоштасып үлгермей жолға шығып кетті. Алтай өлкесінде жүріп, бір ай дегенде бір өлең ғана жазды. Алматыға оралған соң екінші өлеңінің нобайы дүниеге келгендей болды. Екі «балапанын» құшақтап, ағасының үйіне барды. «Қайда жоғалып кеттің?» деп сұрады ағасы. Бұл өндірістік іс-тәжірибеден өту үшін кеткенін айтты. Шоқ тілді Шона ағасы сатира жанрының ерекшеліктері, оны қалай жазу керектігі туралы кеңес берді. Осылайша, ойда жоқта әртіс Алпысбай сықақшы ақынға айналып шыға келді. Міне, содан былай ол «Менің ұстазым-Шона» деп сөйлеуді әдетіне айналдырды.

Ал сатираның соқасына жегілген Алпысбайдың алған асулары тіптен көп. Оны республикамыздың барлық облысындағы мәдениет басқармалары кездесулерге шақырды. Алпыс жасында ғой, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының қолдауымен алпыс кездесуі өткен. Әуелі Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде өткен кездесуін белгілі сатириктер Көпен Әмірбек пен Толымбек Әлімбекұлы жүргізді. Сонда ғой Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенттері Алпысбай Боранбайұлының

шығармаларынан әдеби композиция қойғаны. Осыдан соң іле-шала Атырау облысында шығармашылық кеші өтті. Кездесуден соң облыстық теледидардың «Әлеумет» атты тікелей эфиріне шақырылсын. Алпысбай «2030 жыл екен», «Колбаса жегім келеді» атты өлеңдерін оқыды. Көрермендер сұрақ қойып жатыр. Бір кезде бір әйел телефон шалып: «Кітаптарыңызды қайдан алуға болады?» деп сұрады. Алпекең тікелей эфирде отырғанын ұмытып кетті. Ынты-шынтысымен: «Ертең сағат бесте Атырау-Маңғыстау пойызының 3-ші вагоны алдына келіңіз» деп жіберді. Жүргізуші жігіт әдеппен : «ағасы, тікелей эфирде отырсыз, пойызда емес», деп қалғанда барып қайда отырғаны сап етіп есіне түскені. Содан ертесіне пойыз алдына келсе бес-алты адам тосып жүр. Бір келіншек кітабын алып тұрып: «Мынаның ішінде колбаса бар ма?» деп сұрады. Алпысбай «бар, бар» деп күле жауап берді. Тікелей эфирге хабарласқан келіншек осы екен. Содан пойызға мінбей жатып, бес-алты кітабын сатып үлгерген ол «уф!» деп жата бергені сол вагондағылар түгел «көшіп» келді. Олардан зорға құтылып, ұйықтап кеткен екен, біреу жайлап оятты. «Тұрыңыз, кітабыңызды алайын деп едім» дейді. Мұнан соң қайдан ұйқы болсын? Межелі жерге жеткенше оқырмандарының құшағында болды.

Пойыз демекші, Алпысбайдың аты аталған жерде отарбаның аты аталмай қалуы мүмкін емес. Былайша айтқанда, Алпысбай мен пойыз-егіз. Осыдан жетпіс бес жыл бұрын Түлкібас ауданының Ақбиік ауылында алып бір бала дүниеге келеді. Ысылдап-пысылдап ұйықтайтыны пойыздан аумайды екен. Содан ауыл шалдары жиналып, баланың атын Отарба қойғалы жатқанда Боранбай қарт тұрып: «алпысымда көрген шырағым еді, атың Алпысбай қояйық»

депті. Жиналғандар бұл уәжден асып кете алмаған. Бірақ есейгенде неге екенін кім білсін, Алпысбай пойызға өш болғаны сондай, бір мініп алса оңайлықпен түспейтін болды. «Пойызға мінсеңіз, кітап сатып жүр бір семіз» деп өзі ағынан жарылғандай «Бәрі де ақша сұрайды», «Қарыз беріңіздерші», «Тұрыңыздар, сот келеді!», «Қырық күлкі», «Не сатып жүрсің?», «Әдіресім-базар», «Жездеме хат» тағы басқа да кітаптарын пойызда пышақ үстінен талап әкетті. Ол осы пойызда жүріп жақсыны да, жаманды да көрді, солардың бейнесін сомдап, сықақтарын жазды. Кейде тіпті министрмен де, облыс әкімімен де сапарлас болыпты. Ал Бибігүл Төлегенова, Тұңғышбай Жаманқұлов, Роза Рымбаева сынды өнер тарландарымен дәмдес-тұздас болғанын бір бақыт санайды. Пойызда жинақтарын сатып жүріп, кейіпкерлерін тапқан сатирик 6-7 жылда 140 мың дана кітабын сатыпты. Ақын-коммерсант халыққа да қызмет етті, бала-шағасына да нәпақа тапты. Пойызда оны көргендер: «О, Алпысбай аға!» десіп қуанып қалатын.

Мақаламыздың басында Алпысбайды былайғы жұрт «Күлкістан» атайтынын айтыңқырағанбыз. Осы сөзімізге дәлел келтіріп көрейік. 1999 жыл ма екен, әлде 2000 жыл болар, Шымкентте (ол кезде облыс орталығы) сықақшылардың облыстық байқауы өтті. Сахнаға Алпысбай Боранбаев шықты. «2030 жыл екен» деген сықағын оқи бастап еді, «Базар» ААҚ басқарма төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Шалқар Әбішев ағамыздың иықтары селкілдеп күле бастады. Әлден соң тіпті, орындығынан құлап бара жатқандай болды. «Ішегі түйіліп қалды ма екен?» деп қатты қорықтық. Негізінен білеміз ғой, Шалқар аға оңайлықпен күле қоятын адам емес-ті. Суықтау кісі болатын. Ал бұл жолы көзінен жас аққанша

рахаттанып еркін бір күлгені-ай... Расында, «Күлмесханның» өзің күлдірген Алпысбай ағаның шымыр шаншымаларын еліміздің талай оқырманы іздеп жүріп оқиды. Мұны кітапханаларға бара қалсақ, оқырмандардың Алпысбай ағаның кітаптарын сұрап жатқандарынан да аңғарамыз. Сондай ғой, 140 мың кітап туралы қалың-қалың ойға кететініміз.

Egemen Qazaqstan газеті Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлдесінің иегері, Түркістан облысы бойынша «2000 жылдың ең үздік ақыны», Түлкібас ауданының құрметті азаматы Алпысбай Боранбайұлы уытты әзіл-қалжыңдарымен, усойқы тілімен қоғамдық өмірдегі кері кеткен келеңсіздік атаулыны қоғадай жапыратын әлі талай туындыны өмірге әкелеріне кәміл сенеміз. Ол әлі де тұғырынан түскен жоқ. Түлкібасының тәкаппар тауларына қарап қойып, әрі-бері заулаған пойыздарға көз тігіп отырып-ақ талай туындыларын жазып тастайды.

«Күлкістанның» атылмаған әлі мың пыстаны бар деп ойлаймыз.

**Сабырбек Олжабай**

**«Пойызда жүріп өмірдің шын бет-бейнесін көрдім...»**

Есімі елімізге танымал сатирик ақын Алпысбай БОРАНБАЙҰЛЫ мамыр айында жетпіске толады. Шығармашылығының ширек ғасырын сатира әлеміне арнаған талант иесімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Мамыражай мамырда табан тіреген жетпіс жасыңыз құтты болсын, аға! Әңгімемізді артта сағымдай болып қалып бара жатқан өмір жолыңыздан бастасақ.

– 1950 жылы 10 мамырда Түлкібас ауданындағы Ақбиік ауылында дүниеге келгенімде әкем Боранбай алпыс жасты алқымдап қалса керек. Содан есімімді Алпысбай қойыпты. Марқұм інім, талантты ақын Байзақ Нысаналиев айтқандай, бесікте жатқанда-ақ өзге сәбилер сияқты інгәлаудың орнына әлденені күбірлеп:

Тұрғызып өлең боранын,

Толысамын, толамын.

Оспанхан, Шона секілді

Мен сатирик боламын, – дейді екем. 1967 жылы Түлкібас ауданының орталығындағы Абай атындағы орта мектепті күміс медальмен бітірген соң Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының инженер-механик факультетіне оқуға түстім. Еңбек жолымды облысымыздағы Қазығұрт ауданы, Жданов атындағы кеңшарда механик болып бастап, сосын Ванновка гидромелиоративті техникумында ұстаздық еттім. Ақбиік халық театрының тізгінін ұстаған кезім де болды. Еліміз егемендігін алған тұста өтпелі кезеңнің екпініне шыдамай көптеген жұмыс орындары бірінен соң бірі жабылып жатты. Мен де нартәуекелдің желқайығына мініп, кітаптарымды сату үшін пойызға шығып кеттім. Бұдан жаман болған жоқпын. Уақыт өте жеке табысым молайды. Пойызда көптеген елге танымал азаматтармен танысып, көңіл көкжиегім кеңейді.

– Әдебиет әлеміне, оның ішінде әзіл-сықақ ауылына қалай келіп жүрсіз?

– Оқушы кезімде «Ара» журналы, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті мен басқа да басылымдардың бетін бермейтін

А.Тоқмағамбетов, Ш.Смаханұлы, О.Әубәкірұлы, О.Иманәліұлы секілді сатира сардарларының сықақтарын жаттап алып, сахнадан орындап жүрдім. Студент кезімде төрт-бес сатира кітабын қолтықтап алып троллейбуста кетіп бара жатсам қарсы орындықтағы жұпынылау киінген кісі қолымдағы кітаптарыма жармаса кетті.

«Қай дүкеннен алдың? Өзің сатиралық шығармаларды жақсы көресің-ау деймін» деп іші-бауырыма кіріп барады. Сөйтсем бұл кісі Шона Смаханұлы екен. «Өзің сықақ жазасың ба?» деген сауалына «жоқ, жазбаймын, бірақ сықақшылардың шығармаларын сахнада орындағанды жақсы көремін» дедім. Шона ағам айтқаныма сене қоймады. «Ендеше, жазуды қолға ал, сосын маған әкеліп көрсетіп тұр. Сен баладан түбі бірдеңе шығады» деп үйінің адресін берді. Күтпеген кездесу әсер етті ме, 1969 жылы Ресейдің Алтай өлкесінде практикалық жұмыста жүргенде «Мен, мен едім...» атты тұңғыш сықақ өлеңімді жаздым. Осылайша басында кіруге жүрексініп жүрген сатира ауылына қалай атойлап кіріп кеткенімді білмей қалдым.

– Өмір бойы ауылда тұрсаңыз да Жазушылар одағының мүшесісіз. Біраз адам Алматыда тұрып, одаққа өте алмай жүр...

– Әрине, мүшелікке өту оңай емес. Баспадан жарық көрген бірнеше кітабым мен атақтары дардай үш жазушының пікірін жинап қойғанмын. Бір жолы пойызда кітап сатып жүріп Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы Қалаубек Тұрсынқұловқа жолығудың сәті түсті. Менің «бизнесіме» риза болған Қалекен «нарыққа бейімделгенің дұрыс, бір жағы әдебиетті насихаттау ғой мұның» деді. Өңгіме арасында менің мүшелікке өтпегенімді біліп, көмектесетінін айтты. Қалекеннің қолдауымен бірер аптаның ішінде Жазушылар одағына мүше болып шыға келдім.

– Шыныңызды айтыңызшы, пойызда жүріп байып кеткен жоқсыз ба?

– О-о, байығанда қандай! Отарбада жүргенде он шақты кітабымды шығарыппын. Оның біреуі жерлес ақын В.Барановскийдің тәржімасымен орыс тілінде басылды. Менің бар байлығым – кітаптарым. Пойызда жүріп өмірдің шын бет-бейнесін көрдім. Көргендерімді жүрегімнің елегінен өткізіп, өлең етіп төгілттім. Өз қаржыма жарық көрген кітаптарымды «сатып бер» деп ешкімді мазаламадым. Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе, Өскемен, Семей, Қостанай, Көкшетау, Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) қалаларына, еліміздің барлық облыстарына іштен шыққан «шұбар жыландарым» мәлім болды. Пойызда жүрген 6-7 жылда 140 мың данаға жуық кітабым оқырманның қолына тиіп, олардың рухани азығына айналды. Мақтанғаным емес, туындыларымды Бибігүл Төлегенова, Роза Рымбаева, Тұңғышбай Жаманқұлов секілді өнер тарландары да сатып алды. Ал, енді Мәжіліс депутаттары, министрлер, әкімдер, жазушылардан жинақталған оқырмандарымның жөні бір бөлек. Оқырмандарымның ішінен сықақтарымды жатқа оқитындарды да кездестірдім. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының халық театры менің «Тұрыңыздар, сот келеді...» атты сатиралық поэмамды сахналапты. Міне, мұның бәрі мен үшін үлкен байлық емес пе?!

– Қазір не жазып жүрсіз?

– Мархабат достың жылы лебізін есіттіргеніңе рахмет. Шынымды айтсам, қолыма қалам ұстамағалы көп болды. Жетпіс жастың жартысын әдебиет әлеміне, әзіл-сықақ саласына арнаппын. Сатира жанрында біраз шараны атқарыппын. Жиырма шақты кітабым жарық көріпті. Ойымда әлі пісіп жетілмеген дүниелер аз емес. Бір өкінішім, әзіл-сықақты серік еткен қаламгерлер ауданымызда некен-саяқ. Бұрын осы Түлкібас өңірінде Айдарбек Пірімұлы, Алпыс Байғұлов, Байзақ Нысаналиев сынды сатира сарбаздары бар еді. Бүгінде тек Мұхтар Шерім мен өзің ғана қалам тартып жүргендерің болмаса, жастардан бұл салаға ешкім бет

бұрмады... Дегенмен, келешекте сатираға жастардың көбірек келетініне сенімдімін.

Сұхбаттасқан Орынтай КӨМЕКОВ.

### **Алпысбай Боранбайұлы кітаптары**

Алпысбай Боранбайұлы. «Бастау»/ Алматы: Жалын, 1980.-60 бет

Алпысбай Боранбайұлы .«Жездеме хат»/ Алматы: Жалын,1988.-100 бет

Алпысбай Боранбайұлы .«Нарықтың намазы» / Шымкент: Жібек жолы, 1996.-150 бет

Алпысбай Боранбайұлы «Әдресім — базар» / Шымкент: Шартап,2003.-200 бет

Алпысбай Боранбайұлы «Мой адрес — базар» /Шымкент: Жебе,2006.- 180 бет

Алпысбай Боранбайұлы «Тұрыңыздар, сот келеді» /Шымкент: Нұрлы әлем,2010 .-300 бет

Алпысбай Боранбайұлы «Қызық кітап» / Шымкент: Алтын алқа:2012.-220 бет

Алпысбай Боранбайұлы «Не сатып жүрсіз?»/ Шымкент: 2015

**Бауыржан Ерман**



## **Ақын туралы бірер сөз**

Ерман Бауыржан Мейірханұлы 1998 жылы 22 наурызда Түркістан облысы, Отырар ауданы, Отырар ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебін аяқтаған соң академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алған

Еңбек жолын республикалық ERNUR.KZ ақпараттық порталында бастаса, қазір қазақ баспасөзінің қарашаңырағы- «Оңтүстік Қазақстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінде қызмет етіп келеді.

2019 жылы Шымкент қаласы бойынша және 2021 жылы Түркістан облысы бойынша «Жылдың үздік жас тілшісі», 2020 жылы «Жылдың үздік жас ақыны» номинацияларын иеленген. Бірнеше облыстық және республикалық жыр бәйгелерінің жүлдегері. 2023 жылы Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай өткізілген мүшәйраның жеңімпазы атанса, Түркістан облысының 5 жылдығына арналған жыр додасында жүлдегер атанған.

## **Мектеп**

Бал тілекті баланың көңілі ауған,  
Орын тепкен жемісі толы баудан.  
Мектеп- ата анамның тәмсіл бағы  
Махаббаты басталған қоңыраудан.

Болса әлемнің әсемін білу арман.  
Құшағынан жүрекке жылу алған  
Мектеп біздің өнеге сарайымыз  
Қадам басқан қастерлі қыруар жан.

Тәрбиелі шәкіртке төрін берген,  
Саналыға мұқалмас сенім берген.  
Екінші үйдің тәлімі бойда барда  
Өз орнымды табамын өмірден мен.

Әр күн сайын сыйлаған жаңа таным,  
Өміріне нәр болған дана атаның.  
Мейір толы мектебім, алтын ұя  
Биіктерге самғатқан балапанын.

## **Ғаламның барлығы - қаламның өрнегі**

Құрсақта жаралған сәбидің пәктігі,  
Бақшада ән салған бұлбұлдың тәтті үні,  
Жаңбырдан кейінгі ауаның иісі,  
Гүлзардан бал сорған араның шаттығы,

Ананың перзентін сүйсіне өпкені,  
Әкенің дария өнеге төккені,  
Дастанға айналар ғанибет ғұмырдай

Тізбекпен ауғаны бұлттардың көктегі,

Аймалап тұратын Ай, Күннің дидары,  
Аспанға сан миллион жұлдыздың сыйғаны,  
Өмірге мән берген адамзат әлемі  
Әдемі құрылған жанға нұр құйғаны,

Аязда жылытар құшаққа тығылу,  
Өткен мен келерді көп ойлап түңілу,  
Миыңның қыртысын көбейту шектен тыс,  
Алаудың басында шараптан сіміру,

Төскейді тесердей қазанат шабысы,  
Сағаттың тырсылы, жүректің қағысы,  
Дауылда қиыршық құмдардың ұшқаны -  
Қарашық, қабак пен кірпіктің танысы,

Қос дүлей тағдырдың ескегін ескені,  
Алып тау басынан ақ қардың көшкені,  
Иықты бозбала именбей жақындап  
Иілсе қылықты арулар көштегі,

Тым асқақ айбыны аққудың көлдегі,  
Тәңірдің мейірі, тіршілік шөлдегі,  
Мәңгілік махаббат, сезім, гүл ұсыну....  
Ғаламның барлығы — қаламның өрнегі.

## **Тәрбие туралы жыр**

Сөзі: Бауыржан Ерман

Әні: Думан Байтлеуов  
Орындаушы: Айля Бестерекция

Әрбір бала ұғынса тәрбиенің мәнін,  
Бойға сіңген ақыл-ой бақытты етер бәрін  
Азамат боп өскенде түсінеміз біздер,  
Ата-ананың әр айтқан сөздерінің мәнін.

Қайырма:

Бар байлығым - тәрбие,  
Нар байлығым тәрбие,  
Тәрбиемен сіңеді.  
Бойға біткен әр кие

Тәрбиемен толысар ақыл, ой мен сана,  
Тәртіп болса, болмайды тірлігіміз шала  
Үлкендердің айтқанын тыңдау керек достар,  
Сонда ғана боламыз біз сүйкімді бала

Қайырма:

Бар байлығым тәрбис,  
Нар байлығым тәрбие,  
Тәрбиемен сіңеді,  
Бойға біткен әр кие

**Бір парақ қағаздан басталған тарих**

**«Оңтүстік Қазақстан».**

Қазақстан халқы 25 қазан күні егемен ел болуға алғашқы қадам жасалған Республика күнін атап өтеді. Бұл Тәуелсіздік күнімен қатар аталатын ұғым болғанымен, екеуінің арасында тұтас бір тарихи кезең, ел тағдырының ең шешуші сәттері жатыр. Алайда, көпшілік Республика күні туралы тек жалпы мағлұматты ғана біледі. Негізінде оның тарихында жиі айтыла бермейтін қызықты деректер мен оқиғалар да бар.

Бәрі бір парақ қағаздан басталған.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» қабылдады. Бұл – қазақ елінің Кеңес Одағынан заңды түрде бөлініп шығуға бағытталған алғашқы ресми қадамы еді.

Ол кезде «тәуелсіздік» деген ұғым ашық айтылмайтын. Сондықтан «егемендік» деген сөзді қолдану саяси тәуекел саналған. Бірақ, сол кездегі депутаттар қорықпастан «енді біздің жеріміз де, байлығымыз да, заңымыз да өзімізге тиесілі болуы тиіс» деп шешім қабылдайды. Дәл сол сәттен қазақ елі тарихында жаңа дәуір басталып, бір парақ құжатта Қазақстанның жері, жер қойнауы, табиғи ресурстары, азаматтарының құқықтары тек республика заңдарымен қорғалатыны айқын жазылды. Яғни бұл тәуелсіз елдің алғашқы «төлқұжатындай» қағаз болатын.

### ***Батыл шешімнің артындағы белгісіз жандар.***

Көпшілік біле бермейтін тағы бір ақпарат бар. Сол тарихи Декларацияны дайындаған жұмыс тобының басым бөлігі – жас заңгерлер мен ғалымдар болған. Олардың кейбірі небары 30-35 жаста еді. Топ құрамында болашақта ел Конституциясын әзірлеуге атсалысатын азаматтар да болған. Олар өз идеяларын ешкімге жария

ете алмай, әлден уақытқа дейін «жабық есік» жағдайында жұмыс істеген.

Ал, Мәскеудегі орталық билік бұл қадамға қарсы болған. Тіпті, құжат қабылданғаннан кейін бірқатар лауазымды тұлға «бұл – Одаққа қарсы әрекет» деп ашық наразылық білдірген. Бірақ, қазақ депутаттары халықтың мүддесін бәрінен жоғары қойып, бағыттарынан танбады. Бұл – батылдық пен саяси ерліктің нағыз үлгісі еді.

***Құжат басылып шықпай қалған сәт.***

Сол жылы баспа материалдарының тапшылығы орын алған. Соның салдарынан ел астанасы Алматыда қағаз жетіспей, Декларацияның ресми нұсқасы бірден басылып шықпаған. Кейбір депутаттар тарихи отырыста құжаттың мәтінін қолмен терілген машинка қағазынан оқыған. Ал, баспа нұсқасы бірнеше күннен кейін ғана дайын болған. Сондықтан Декларацияның алғашқы түпнұсқалары бүгінде сирек жәдігер саналады. Кейбірі Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұр.

***Алғаш рет Республика күні қалай өтті?***

1990 жылдың қараша айында елімізде алғаш рет Республика күні аталып өтті. Бірақ, ол кездегі ресми іс-шараларда «тәуелсіздік» емес, «егемендік», «бостандық», «жаңа бағыт» деген жұмсақ тіркестер қолданылған. Себебі, КСРО әлі ыдырамаған, ал, «тәуелсіздік» сөзі тым қатерлі саналатын. Дегенмен, бұл күн еркін елдің алғашқы тынысы екендігін қалың бұқара жүрегімен сезінген.

***Бір кезде ұмытылып, қайта оралған мереке.***

2009 жылы «Мерекелер туралы» заңға өзгеріс енгізіліп, Республика күні ресми мерекелер тізімінен алынып тасталды. Бұл шешім қоғамдық талқылау тудырмағанымен, тарихшылар мұны «тарих

алдындағы әділетсіздік» деп атаған. Арада 13 жыл өткен соң, 2022 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Республика күні ұлттық мереке мәртебесіне қайта ие болды. Бұл – елдің тарихи жадына, тәуелсіздікке бастар жолдың бастауына көрсетілген құрмет еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Декларация бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның іргетасы. Сол кездегі бір парақ қағаз елдің болашағын айқындаған тарихи бетбұрыс еді.

**Жұлдызды түннің әуені**

**Бауыржан ЕРМАН,**

## «Оңтүстік Қазақстан».

Түркістан өңірі қашаннан таланттарға кенде болмаған. Сол таланттардың бірі – белгілі композитор әрі профессор Бекжігіт Сердәлі десек, қателеспейміз. Оның әндерінің елге ұнамды болғаны соншалық, «Жұбайлар жыры», «Неге, неге?», «Ауыл жатыр той жасап» сынды туындылары бүгінде халық әндеріне айналып кеткен. Бірақ, бұл әндердің авторы Бекжігіт Сердәлі екенін біреу білсе, біреу білмейді.

Осы орайда облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен және «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен Түлкібас ауданындағы Састөбе ауылында ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Композиторлар одағының құрметті мүшесі Бекжігіт Сердәлінің шығармашылығына арналған ән кеші өтті. «Түнгі кітапхана» жобасы аясында өткізілген кеш «Жұлдызды түннің әуені» деп аталыпты. Мұндағы мақсат – кітапхана ісіне жаңа серпін беріп, жастар мен оқырман қауымның әдебиетке, поэзияға, өнерге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық пен руханиятты тоғыстырған ерекше мәдени алаң құру.

Салтанатты сәттің шымылдығын облыстық мәдениет басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев пен Түлкібас ауданы әкімдігі аппаратының басшысы Фархат Тастайбекұлы ашып, жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Ән мен жыр астасқан кеште Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айжан Тәженова, эстрада және дәстүрлі ән орындаушылары Мақсат Айтжанов, Шерхан мен Жансұлу дуэті, Тәттімбет Керей мен Бекзат Сәкенұлы сахна көркін қыздырып, тыңдарманға әсем әннен шашу шашты.

Сондай-ақ, Тельман Бейсен, Айдар Сейдәзім, Гүлнар Өмірбек, Дәурен Айманбетов, Арқалық Әмәлият, Арайлым Мұратәлиева, Сезім Мергенбай, Ділдәгүл Нұрмаханбет секілді қаламгерлер сөз

кезегін алып, ой-пікірлерін бөлісті. Әдебиет пен өнерді тоғыстырған бұл мәдени іс-шара жұлдызды аспан астында өткен ұмытылмас сәтке айналып, көптің көңілінде ерекше естеліктер қалдырды.

Іс-шара барысында көрермен назарына жазушы, Қазақ-станның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мархабат Байғұттың 80 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ойы терең, шабыты шалқар қаламгер» атты кітап көрмесі ұсынылды. Көрмеге қаламгердің шығармашылық жолынан сыр шертетін туындылары, зерттеу жұмыстары мен оқырман қолында жүрген кітаптары қойылған.

### **Бауыржан Ерман туралы жылы лебіздер**

ЕРМАН Бауыржан - шығармашылығы әр тараптанған, адамзат атаулыға қатысты құндылықтарды камтып, оны өлең жолдарымен ұжымдастыруымен ерекшеленеді. Асыра сілтеу және эмоцияға

берілмей нақты шешімге құрылған ой-астарымен өрбіген өлеңдері жаныңа жақын құбылыстарды немесе сезім сәттерін сипаттайды. Әр өлеңі өзінің өмірінен алынып, өзінің қоршаған ортаға деген көзқарасын өрнектейді.

Бауыржан ақынның тағы бір ұтымды жері - оның балалар шығармашылығына ден қоюы. Балалардың көңілінен шығуы, олардың ақын өлеңін жаттап, әнге айналдыра орындауы қуанарлық жағдай. Ақын өлеңдерін оқып талғампаздықты аңғарасың. Сондай-ақ адамзаттық сарын лебі де еседі. Ұлт отырып сауаттылықты, жинақылықты, құндылығын түгендеуде қалыс қалмаған. Отырарлық ұлдың поэзиядағы орнын үкілеген Ақ үмітке немесе жалындаған жанайқайы бар жампоз ақынға теңедік.

### **«Отырар әдебиеті және өнері» қоғамдық бірлестігі.**

**«Болмағанмын баланың қағілезі, Пенде бар ма жасайтын әмір өзі? Құғаныңды қой енді кей ғаламзат, Туғанымды қалаған Тәңір өзі».**

Қазақ поэзиясына дәл осылай жырлап келген Бауыржан бойына біткен дарынның жүгі қаншалықты ауыр екенін түсініп үлгерген жас ақын. Оның адамзаттық сарындағы өлеңдерінен қаламға серт болған-ақыл-ой иелерін парасат биігіне жетелеу миссиясын там-тұмдап болса да орындауға талпынатынын байқаймыз. Сондықтан ол қазір бозбала шағындағыдай:

Мона Лиза әдірем-ді сен күлсең,  
Жан-тәніңді түйсінемін телмірсем.  
Жанарымыз түйіспеген екен ғой,  
Неге мені байқамайды деп жүрсем,-деп емес,  
Бір шумакқа жетер-жетпес білгенім,  
Ең сорақы қателегім бұл менің.  
Поэзия, айыптымын алдыңда,

Ағаттық қой көлеңкеңде жүргенім,- деп жырлап жүр.

Ал,оның:

Керекті қамда шарапшылардан,

Бар шығар менің қолтаңбам.

Бейхабар боп кет Қарақшылардан,

Кызғанба мені Шолпаннан, -деп келетін өлең жолдарынан қандай да бір жаңашылдыққа, ешкім жырламаған құбылыстарды арқау етуге ұмтылатынын аңғаруға болады.

Түркістан өңірінде табан аудармай қызмет етіп, арамызда жүргендіктен біз оның Отанымызды қаншалықты сүйіп, елдің ертеңіне қалай елендейтінін де білеміз. Сондықтан ол қазір БАҚ беттеріндегі сүйекті мақалаларымен де, өлеңімен де ұлт игілігіне қызмет етуге талпынып жүр деп айтуға болады. Бұл сөзіміздің айқын бір дәлелі-Бауыржанның бүлдіршіндерге арнап жазған әндері. Атап айтсақ, «Ата», «Әке», «Жетіқазына», «Тәрбие туралы жыр» сынды әндері өскелең ұрпақты үлкенге құрмет көрсетіп, ақыл-кеңестеріне құлақ асуға, қазақ халқының рухани құндылықтарын қастерлеуге және ең бастысы білім алуға шақырады.

Қалай болғанда да, Бауыржан ЕРМАН Құдайдың өзі бойына бір дарын сепкен халықтың ұлы. Сондықтан оның болашағынан үміт күтіп жүрген адам аз емес десем, кателеспеймін. Алғашқы жыр жинағының артынан адамзатты сүйсіндіретін өлеңдер өріле береді деп сенемін!


**Айдар СЕЙДАЗЫМ,**  
**Қазақстан Жазушылар одағы**  
**Түркістан облыстық филиалының төрағасы**  
**МАЗМҰНЫ**

Сөз киесі қонған киелі мекен.....3

Мұхтар Құралов.....5

Мені неге Мұхтар қойған?.....	7
Бесік басында .....	9
М. Құралов жайлы жылы лебіз.....	10
Байдулла Қонысбек.....	11
Өнегелі өмір белестері .....	12
Біздің Байдулла .....	18
Б.Қонысбеков кітаптары .....	19
Алпысбай Боранбайұлы.....	20
Алпыстағы Алпысбай Аспарада.....	21
Күлмесханды күлдірген күлкістан кісі.....	25
«Пойызда жүріп өмірдің шын бет-бейнесін көрдім...».....	31
А.Боранбай кітаптары.....	34
Бауыржан Ерман.....	35
Мектеп .....	36
Ғаламның барлығы - қаламның өрнегі.....	36
Тәрбие туралы сөз.....	38
Бір парақ қағаздан басталған тарих.....	39
Жұлдызды түннің әуені.....	42
Бауыржан Ерман туралы жылы лебіздер.....	43

ALTYNSARIN **65**  
ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНА ЖЫЛ



**Жауапты:** Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы  
балалар кітапханасының директоры Р.Летаев

**Редактор :** Г.Сарсенбаева

**Құрастырушы :** Н.Сейтмаханова

**Мекен жайы :** Түркістан қаласы,

Жаңа қала м/а 32 көше 21/2

e---mail : [Altinsarinb@gmail.com](mailto:Altinsarinb@gmail.com)